

"2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Аудан әкімдігінің 02 сәуір 2010 жылғы N 956 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қазандағы N 1189 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 29 қарашада N 10-9-171 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 11 қарашадағы N 1681 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2011.11.11 N 1681 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасын, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Аудан әкімдігінің 02 сәуір 2010 жылғы N 956 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2010 жылдың 09 сәуірінде N 10-9-114 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2010 жылғы 17 сәуірдегі N 35-36 /7765-66/ шығарылымында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулыға қосымшада:
м ы н а :

Жақып Ғабит Жәрдемханұлы - "Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, полиция майоры (келісім б о й ы н ш а) ;

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

Сатжанов Алтынбек Ақбердіұлы - "Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, полиция майоры (келісім б о й ы н ш а) ;

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары

Қ. Мұбаракөва

жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Н. НӘЛБАЕВ

" К Е Л І С І Л Д І "

"Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Ахметов

27 қазан 2010 ж.

2010

жылғы

27

қазандағы

№ 1189 қаулысына қосымша

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы комиссиясының ҚҰРАМЫ

Нурхожин Даулеткали Ергалиевич - "Қызылорда облысы Шиелі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);

Әбіш Маханбет Елтайұлы - "Шиелі ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары;

МҮШЕЛЕРІ

Сатжанов Алтынбек Ақбердіұлы - "Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, полиция майоры (келісім бойынша);

Жұмабекова Гүлзия Рзахметқызы - Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының терапевт дәрігері, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша);

Икматова Гүлбарам Тұрарқызы - Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).